

Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 19 қыркүйектегі N 947 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 29 тамыздағы N 168 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 30 маусымдағы № 948 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Президентінің 30.06.2022 № 948 (01.07.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

"Президент пен Үкімет актілерінің жинағында" жариялануға тиіс

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 19 қыркүйектегі N 947 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., N 30, 328-құжат; 2004 ж., N 47, 585-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған Жарлықпен бекітілген Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы ережеде:

15-тармақта:

2-1), 2-2) тармақшалар алып тасталсын;

б) тармақшада ", сондай-ақ материалдық немесе моральдық залалды өтеу шараларын қолдану туралы" деген сөздер алып тасталсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті